



GISCA 2025 халықаралық конференциясы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Барлығын біріктіретін цифрлық Жер» тақырыбындағы «Орталық Азиядағы ГАЗ – GISCA 2025» халықаралық ғылыми конференциясы өтті.



Іс-шарада Австрия, Германия, АҚШ, Қытай және Орталық Азия елдері – Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Қазақстаннан 130-дан астам ғалым мен сарапшы бас қосты. Конференцияға сондай-ақ ESRI, Eurasia-Pacific UNINET, Trimble және ACA*GIScience сынды әлемге танымал ұйымдардың өкілдері де қатысты.

Еуразия-Тынық мұхиты университеттер желісінің (UNINET, EPU) серіктес жоғары оқу орындарының жыл сайынғы отырысын ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев аталған конференция геоақпараттық

технологиялар мен тұрақты даму саласындағы жетекші ғылыми алаңдардың бірі ғана емес, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықтың, ғылыми интеграцияның және цифрлық трансформацияның жарқын үлгісі екенін атап өтті. Осы орайда, ол GISCA конференциясын тұрақты түрде қолдап келе жатқан Eurasia-Pacific UNINET (EPU), Австрия-Орталық Азия ғылыми орталығы – ACA*GIScience және Зальцбург университетіне ерекше алғыс білдірді.

GISCA 2025 конференциясының XIX шығарылымының басты мақсаты мен міндеттері – геоақпараттық жүйелер

және кеңістіктік талдау салаларындағы заманауи жетістіктер мен сын-қатерлерді талқылау, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің университеттерінде тұрақты даму мен цифрлық трансформация идеяларын ілгерілету болды.

Конференцияның негізгі спикерлерінің бірі – Гейдельберг геоақпараттық технологиялар институтының (HeiGIT) профессоры Александр Ципф «Open-StreetMap for Humanitarian Action» тақырыбында баяндама жасады.

Жалғасы 2-бетте



Биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Орталық Азиядағы биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық форумға қатысып, сөз сөйледі.

«Орталық Азия – сирек кездесетін және құнды тіршілік формалары табиғи белдеулердің қиылысында шоғырланған ерекше аймақ. Қазіргі уақытта аталған аймақта ландшафттардың деградациясы, климаттың өзгеруі сынды табиғи құбылыстар орын алуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетелдік әріптестермен бірлесе отырып, осы сала бойынша ғылыми зертханалар мен орталықтарды іске қосып, жұмыс атқаруда. Мәселен, Қытай тарапымен бірге қашықтықтан зондтау зертханасын аштық», – деді ректор.

Форум жұмысында Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек

Күрішбаев пен ҚР экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұрлан Құрмалаев сөз сөйледі.

Іс-шараға БҰҰДБ, ЮНЕСКО, ФАО және басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылары, Ресей, Германия, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және басқа елдердің жетекші шетелдік ғалымдары, сондай-ақ жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, жас ғалымдар, Қазақстанның экология және табиғатты қорғау саласындағы мамандары жиналды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Өзбекстан Республикасы жоғары білім, ғылым және инновациялар министрінің бірінші орынбасары Шахрух Далиевпен келіссөз жүргізді.

Кездесуде оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев Өзбекстан университеттерімен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыс-

Келіссөз жаңа мүмкіндіктерге жол ашады

тарға тоқталды. Сондай-ақ өз сөзінде ректор бүгінгі келіссөз жаңа мүмкіндіктер мен жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты арттыруға тың серпін беретінін атап өтті.

Жүздесу барысында Шахрух Далиев Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік байланысты нығайтуға министрлік тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын айтты.

Сондай-ақ білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Кувандик Кадировпен кездесу өткізді. Жүздесуде қос тарап болашақта тығыз байланыс орнатуға әрқашан дайын екендіктерін жеткізіп, ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



3-бет

Берік АРЫН:

Отанға
қызмет ету –
ең асыл іс



4-бет

Климат және
модельдеу
зертханасы тың
әдістерді әзірлеуде



5-бет

Өмірі өнегелі
ұстаз-ғалым



Соңы. Басы 1-бетте

Esri компаниясының Таяу Шығыс, Африка және Орталық Азия аймақтары бойынша вице-президенті Ричард Баден «The Geographic Approach: Creating Insight and Understanding with GIS» тақырыбы бойынша презентация жасады.

GISCA 2025 конференциясы – Кеңістіктік деректер инфрақұрылымы (SDI) және геопорталдар, Су ресурстары, ГАЗ саласындағы инновациялық әдістер, Климат және қоршаған орта, Қашықтықтан зондтау технологияларын қолдану тақырыптары аясында бес секция бойынша жұмыс істеді.

Конференцияда Орталық Азия және Еуропа елдерінің әріптестерімен бірлескен халықаралық жобалар бастамасы көтерілді. Бұл жобалар GISCA шеңберіндегі университетаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Атап айтқанда: трансшекаралық су бассейндерінің экологиялық және су шаруашылығы мәселелерін ГАЗ және спутниктік мониторинг негізінде зерттеу, Геоақпараттық ғылымдар бағыты бойынша PhD-кадрларды даярлаудың бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу, Орталық Азия елдерінен PhD-докторанттар мен магистранттар үшін Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында ғылыми тағылымдамалар ұйымдастыру, Еуропа және Орталық Азия елдерінің ғылыми-зерттеу ор-

GISCA 2025 халықаралық конференциясы өтті



талықтарының қатысуымен «Орталық Азияның цифрлық демографиясы» геопорталын құру жобалары іске қосылды.

ҚазҰУ Еуразия-Тынық мұхиты университеттер желісіне (EPU) мүше болғаннан бері университет ғалымдары бірқатар халықаралық жобаларды сәтті жүзеге асырып келеді. Аталған жобалар аясында «Геокеңістіктік қоршаған ортаны басқару», «Геоинформатика» сияқты жаңа білім беру бағдарламалары ашылып, трансұлттық тренингтер өткізілді. GISCA 2025 осы бастамалардың қисынды жалғасы болды, мұнда академиялық бастамалар, ғылыми көшбас-

шылық пен адами байланыстар цифрлық әрі орнықты болашақтың негізін қалады.

Спикерлер бүгінгі технологиялар дәуірінде ғылыми диалог жүргізу, тәжірибе алмасу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту ғана емес, сонымен қатар цифрлық трансформация, орнықты даму және білім беруді интернационализациялау идеяларын ілгерілету қажеттігін атап өтті. Ғалымдардың бірлескен еңбегі арқасында бүгінгі таңда түрлі елдердің жастары жаһандық академиялық қауымдастыққа ерекше қол жеткізіп отыр.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Серіктестікке тың серпін

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Түркі әлемі және Түркістан пірі: Ясауи жолы және мирасы» атты халықаралық семинарға қатысуға арнайы келген түрколог-ғалымдармен кездесті.

және Түркістан пірі: Ясауи жолы және мирасы» атты халықаралық семинарға арнайы келгендері үшін құрметті қонақтарға ризашылығын жеткізді. Өз сөзінде оқу ордасының басшысы университетте Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты табысты жұмыс істеп келе жатқанына тоқталды. Осы орайда, ректор Түркиядан келген меймандарды аталған институтпен бірге ортақ жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Өз кезегінде түркиялық ғалымдар ілтипат білдіргені үшін және халықаралық семинарды жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін университет ұжымына алғысын білдіріп, ҚазҰУ ғалымдарымен бірге болашақта серіктестікті одан әрі дамытуға ниетті екендіктерін жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қонақтардың қатарында Анкара Хажы Байрам Вели университетінің проректоры Орбай Метин, профессор Гүлтен Садуллах, Шахин Илхан, Орду университетінің профессоры Фатих Унал, Анкара университетінің профессоры Гундогду Абдуллах және өзге де түркиялық ғалымдар бар.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ базасында өткен «Түркі әлемі

Жастардың қоғамдағы белсенділігі жоғары



Өз кезегінде білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев университетте студенттердің игілігі үшін жасалып жатқан жобалар мен бастама-

лар жөнінде айтты. Сонымен қатар ректор ҚазҰУ-дың білім алушы жастары қоғамдық жұмыстарға белсенді араласатынын жеткізді.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаевпен кездесті.

Жүздесуде бірлестік басшысы Тимур Ғабдулұлы жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берді. «Ассамблея жастары» бірлестігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған. Бүгінде бірлестік алты бағыт бойынша жұмыс істеп келеді. Оның ішінде жастарды әлеуметтік қолдау, мемлекеттік тілді этносаралық тіл мәртебесінде дамыту, қоршаған ортаны қорғау мен әскери-патриоттық мәдениетті дамыту бар.



Талапкерлердің құжатын қабылдау басталды

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2025-2026 оқу жылына талапкерлерден құжаттарды қабылдау ресми түрде басталды.

Іс-шараға ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі

проректордың м.а. Марғұлан Ибраимов қабылдау комиссиясы жұмысының маңыздылығын атап өтті.

«Бүгін біз қабылдау комиссиясының жұмысын ресми түрде бастадық. Университетіміздің «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында талапкерлер мен олардың аталары үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған. Құжат-

тарды қабылдау процесін сапалы әрі тиімді жүзеге асыру үшін комиссия мүшелері толық дайын. Түлектердің басым бөлігі ҚазҰУ-ды таңдайтынына сенімдімін. Барша комиссия мүшелеріне сәттілік тілеймін», – деді проректор.

Қабылдау комиссиясы күн сайын 09:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күні 09:00-ден 14:00-ге дейін жұмыс істейді. Комиссия құрамында факультет мамандары, тәжірибелі оқытушылар мен декан орынбасарлары бар. Олар талапкерлерге бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша кәсіби кеңес береді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Берік Арын – қазақ дипломатиясы саласында 30 жылдан астам уақыт бойы аянбай еңбек етіп келе жатқан белгілі қоғам қайраткері, шығыстанушы маман. 2011-16 жылдар аралығында Берік Сақбайұлы Қазақстанның Мысырдағы, ал 2019-24 жылдары Сауд Арабиясындағы төтенше және өкілетті елшісі болып қызмет атқарды. Бүгінгі таңда Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының бас директоры. Кейіпкеріміз оқырмандармен шығыстану ғылымына келу жолымен, дипломатия саласындағы қызметінің қыр-сырымен бөліседі.

– Берік Сақбайұлы, шығыстану мамандығын қалай таңдадыңыз?

– Шығыстану факультетіне түсуім – мен үшін тағдырдың тосын сыйы. 1986 жылы орта мектепті алтын медальмен тәмамдаған маған көптеген жоғары оқу орындарына емтихансыз түсу мүмкіндігі болды. Дегенмен бала кезден бергі арманым еліміздегі ең үздік оқу орны саналатын ҚазМУ-дың заң факультетіне түсу еді. Алайда сол жылдары бұл факультетке мектепті енді бітірген талапкерлер үшін ешқандай жеңілдік қарастырылмайтын. Себебі заңгер мамандығы ең жоғары сұранысқа ие мамандықтардың бірі болды. Үш емтиханды да «жақсы» деген бағаға тапсырғанымға қарамастан, сол жолы мен конкурсқа іліге алмай, ауылға қайтуыма тура келді. Елге оралып, екі білекті сыбанып, еңбек жолын бастадым. Жоспарым бір жылдан соң сол университетке қайта барып, заң факультетіне құжат тапсыру еді. Алайда кәмет жасақталған соң әскерге шақырылып, өмірімнің екі жылын Отан алдындағы борышымды өтеуге арнадым. Әскерден оралған соң тағы да заң факультетіне құжат тапсырып, алда тұрған сынақтарға репетитор жалдап дайындала бастадым. Бірде мені оқуға дайындап жүрген мұғалім университетте жаңа – шығыстану факультетінің ашылып жатқанын, факультет деканы – еліміздің белгілі шығыстанушысы Әбсаттар Дербісәлі және тарихшы ғалым, профессор Кеңес Қожахметов талапкерлермен кездесу өткізетінін хабарлады. Тағдырдың тарау жолында әр адамның өміріне әсер ететін бетбұрыс сәті болады. Мен үшін сол кездесу жаңа өмірге бастар соқпақтың бастауы болды. Әбсаттар Бағысбайұлының араб әлемі туралы әңгімесі өзім мектепте тығылып жүріп оқыған «Мың бір түн» ертегілеріндей әсер етті. Әсіресе оның «Еліміз жақында тәуелсіздік алады, бізге шетел тілдерін меңгерген өз мамандарымыз қажет» деген сөздері Желтоқсан рухы сөнбеген біздің жүрегімізге жаңа үміт отын жақты. Нәтижесінде кездесуден соң мен заң факультетінің қабылдау комиссиясында жатқан құжаттарымды алып, шығыстану факультетіне тапсырдым. Сынақтарды сәтті тапсырып, шығыстану факультетінің араб бөлімінің студенті атандым.

– Әріптес арабтанушылар қазіргі араб әлемінде классикалық араб тілімен, яғни Құран тілінде сөйлейтіндердің аз екенін айтады. Осы мәселеге қатысты өз ойыңызбен бөліссеңіз және әдеби араб тілін меңгеру барысында кездескен қиындықтар жайында оны жеңудегі тәжірибеңізге тоқталаңыз.

– Шындығында, қазіргі араб

әлемінде классикалық араб тілі – фусха – күнделікті өмірде сирек қолданылады. Бұл арабтанушылар арасында жиі қозғалатын мәселе. Шығыстағы 22 араб мемлекетінде ресми

Берік АРЫН,

Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының бас директоры:

Отанға қызмет ету – ең асыл іс

әдеби тілден бөлек, әр елдің өз диалектісі бар. Бұл диалектілердің ұқсамайтыны соншалық – Мағриб арабтары мен Машрик арабтары бір-бірін мүлдем түсінбейді. Ал бұғаздық арабтардың диалектілерін өзге аудандарда тұратын халық түсіне бермейді. Бұл жерде енді барша арабтарға аз-маз болса да, түсінікті болып табылатын Мысыр диалектісін ерекше атап өткен жөн. Бұл диалектінің кеңінен таралуына да белгілі Мысыр фильмдері мен араб әлемі сүйіп тыңдайтын Умм Кульсум секілді танымал әншілер себеп болды деуге негіз бар.

Шығыстану факультетінің 3-курсынан соң біздің топтың студенттері Марокконың Мекнес қаласына тілдік тәжірибеден өтуге барғанда, жергілікті халық біз университет қабырғасында үйренген классикалық араб тілін – фусханы түсінбей, бізге аспаннан түскендей қарайтын. Марокколықтар негізінен француз тілінде сөйлеуге тырысатын немесе өз диалектілерінде сөйлесетін. Осы тұрғыда 1930 жылдарда КСРО-ның Сауд Арабиясындағы төтенше және өкілетті елшісі болған, қазақтан шыққан алғашқы елші – Нәзір Төреқұлов туралы айтқым келеді. Ол университет қабырғасында әдеби тілмен бірге араб диалектілерін үйренудің маңыздылығына тоқталып, жоғары оқу орында «арабтанушылар» емес, «құрантанушылар» дайындайтынын айтып кеткен еді.

– Сіздіңше, фусханы үйрену әлі де өзекті ме? Егер фусха күнделікті өмірде көп қолданыла қоймаса, араб тілін оқып жүрген студенттер тілдік тәжірибеден қалай өтпек?

– Әдеби араб тілі – фусханы үйрену әлі де өте маңызды деп ойлаймын. Өйткені ресми хат алмасу, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас, телехабарлар (фильмдерден басқа) әдеби тілде жүреді. Араб әлемінде білімді адамдар саны өскен сайын, фусханы меңгергендер де көбейіп жатыр. Себебі мектептерде және жоғары оқу орындарында сабақтар әдеби араб тілінде өтеді. Өз тәжірибем сүйеніп айтар болсам, біздің заманымызда тіл үйренетін қосымшалар, араб тіліндегі теледидар мен радио арналар болған жоқ. Бірақ біз



араб тілінде көп оқып, көп тыңдауға тырыстық. Мен Араб еліне барған соң, жергілікті телеарналарды қарап, радио бағдарламаларын тыңдай бастадым. Тіл иелерімен жиі-жиі сөйлесіп, тілімді сындыруға тырыстым. Кез келген шетел тілін үйренгенде ең маңызды нәрсе – ол қате айтудан қорықпау. Мақсатыңыз тілді жақсы игеру болса, онда сіз тіл иелерімен күнделікті араласуға, мәтіндерді көп оқуға, тыңдауға және көп сөйлеуге тырысыңыз. Монологтар, диалогтар құрастырып, оны қолданудың да маңызы зор. Тілдік кедрерден құтылу үшін тіл иелерімен жиі сөйлесу керек. Сөйлеу барысында кететін қателіктерден еш ұялмаңыз. Өйткені қателік – дамудың бір бөлігі, үйренудің жолы. Атамыз қазақ «Оқусыз білім жоқ, қателіксіз тәжірибе жоқ» деп бекер айтпаса керек.

– ҚазМУ-да өткен студенттік өміріңіз туралы айтып берсеңіз. Сіздің тұлға ретінде қалыптасуыңызға университет қандай үлес қосты?

– Меніңше, кез келген адам үшін студенттік жылдар – өмірдегі ең қызықты кезеңдердің бірі. Менің студенттік шағым КСРО-ның ыдырауымен және әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының пайда болуымен тұспа-тұс келді. Сондықтан университеттегі оқу жылдары түрлі тарихи оқиғаларға, қызық пен шыжыққа толы болды. Әсіресе университет қабырғасында өткен алғашқы үш жылды ерекше есіме аламын. Біз сол кезде бәріміз Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болуын тағатсыздана күттік. Кешке қарай ұзақ уақыт достарымызбен елдің келешегі туралы пікір таластырып, қызу талқылаулар өткізетініміз әлі есімде. Біздің пікірталасымыз мемлекетіміз тәуелсіздік алғанда қандай мүмкіндіктерге ие болады, болашақты қалай елестетеміз – міне, осы тақырыптар айналасында өтетін еді. Тағы бір айтатын жайт, біз сабақты жан-тәнімізбен оқып, алған біліміміз тәуелсіз Қазақстанға қажет болады деген нық сеніммен оқы-

дық. Университет қабырғасындағы соңғы жылдар, әрине, оңай болған жоқ. Халықтың негізгі уайымы күнкөріс болды. Бұл жағдай, әрине, білім сапасына да әсер етпей қоймады. Дегенмен сол кездегі барлық қиындықтарға мойымай, бізге терең білім беріп, өз-өзімізге деген сенімді ұялатып, болашаққа жол сілтеп, тұлға ретінде қалыптасуымызға себепкер болған ұстаздарыма алғысым шексіз.

– Өзіңізге дәріс берген ұстаздарға тоқтала кетсеңіз.

– Әрине, ең алдымен шығыстану факультетінің негізін қалаушы, белгілі арабтанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлі ағайды айта аламын. Ол кісі бізді әрдайым қолдап, қорғап, рухымызды оятып, тұлға ретінде қалыптасуымызға үлкен еңбек сіңірді. Сондай-ақ араб тіліне деген махаббатымызды оятқан, талапшылдығы және принципшілдігімен жадымда мәңгілік сақталып қалған Фейруза Ханифқызы Мамеконы ерекше ризашылықпен және үлкен құрметпен еске аламын. Сонымен қатар әр жылдары бізге түрлі пәндерден дәріс оқыған К.Қожахметов, Г.Надинова, М.Мәженова, Д.Белгібаева, Б.Тасымов, Ж.Дәдебаев, А.Чупеков, А.Тасымов, Л.Рүстемов, С.Батыршаұлы сынды ұстаздарымды да ерекше алғыс сезімімен еске аламын. Қазір арабтану саласында еңбек етіп жүрген мамандардың барлығы дерлік осы жоғарыда аты аталған ұстаздарымыздан тәлім алған.

– Берік Сақбайұлы, дипломатия саласындағы жүріп өткен жолыңыз жөнінде де айтып өтсеңіз.

– Дипломатиядағы қызмет жолым сәтті қалыптасты деп ойлаймын. Бұл салада мен ең төменгі лауазымнан – референттен бастап, Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі дәрежесіне дейін көтерілу жолында талай тар жол, тайғақ кешуден өттім десем де болады. Бұл тұрғыда маған аянбай еңбектенуге, өз-өзімді үздіксіз жетілдіруге тура келді. Еліміз тәуелсіздікке енді

ғана қол жеткізген жылдары тәжірибелі дипломаттар аз еді. Сондықтан көп нәрсені шалынып-сүрініп жүріп үйренуге тура келді. Бұл жолда тәжірибелерімен бөлісіп, рухани қолдау көрсеткен адамдар да аз болған жоқ. Сондай бір жағдайда аға буын әріптестердің бірі маған: «Министр болу – ол бақ, кез келгеннің маңдайына жазылмайды. Ал еңбекқор, білімді дипломат міндетті түрде елші бола алады. Елшіге лайық барлық қасиет сенде бар», – деген еді. Бұл сөздер маған қанат байлағандай әсер етті, менің жігерімді ұштап, рухымды асқақтатты. Дипломат – бір қолында қалам, бір қолында парасат ұстайтын адам. Қанша жылдар бойы дипломаттық қызметте болып, Отаным адал қызмет ету мәртебесіне ие болған өзімді әлемдегі ең бақытты адамдардың бірі санаймын. Өйткені Отанға қызмет ету әрбір адам өміріндегі ең бағалы, ең асыл іс деп есептеймін.

– Егер қателеспесем, сіз шығыстану факультетінің түлектері арасынан шыққан алғашқы төтенше және өкілетті елші екенсіз. Бұл лауазымның әр дипломат үшін үлкен жауапкершілік жүктейтінін білеміз. Бұл туралы не айтасыз?

– Елші болу – өз еліңді әлем алдында ең жоғары деңгейде таныстыру. Бұл кез келген дипломаттың арманы, сонымен бірге үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Жаңадан тағайындалған елшінің шет мемлекет басшылығына тапсыратын Сенім грамотасында Мемлекет басшысының мынадай сөздері бар: «Осы Сенім грамотасын ұсынған елші (аты-жөні) қабылдауыңызды, оған толық сенім артуыңызды, менің және Қазақстан Республикасының үкіметі атынан айтқан барлық сөзіне құлақ асып, сенім білдіруіңізді сұраймын». Осы сөздерден-ақ ел мен Президенттің үлкен сенімі әрі зор жауапкершілік жүктеліп тұрғанын аңғару қиын емес. Әр елші – өз елінің бет-бейнесі. Ол барлық жағынан жоғары деңгейде, үлгі тұтарлықтай тұлға болуға тиіс. Ел мүддесін қорғап, азаматтардың құқығы мен абыройын халықаралық алаңда жанкештілікпен қорғауға, еліміздің ұстанымын танытып, лайықты түрде насихаттауға міндетті. Маған араб әлемінің жетекші елдері: Мысыр Араб Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінде, сондай-ақ қосымша Марокко, Алжир, Тунис, Ливия, Бахрейн мемлекеттерінде Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқару мәртебесі бұйырды. Сондай-ақ бірқатар беделді халықаралық ұйымдарда – Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Африка одағы, Араб мемлекеттері лигасы, Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымында Қазақстанның өкілі болдым. Осы тұрғыда маған сенім артқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа және еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа шексіз ризашылығымды білдіремін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Фатимабибі ДӘУЛЕТ,
Қытайтану кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

Бүгінде климаттың өзгеруі келелі жаһандық проблемаға айналды. Бұл мәселе әлем ғалымдарын ғана емес, Жер ғаламшары тұрғындарын толғандыратын ірі түйінге айналды. Сондықтан мемлекет басшыларынан бастап, ірі бизнес өкілдері, кәрі-жас демей, бүкіл әлем жұртшылығы климаттың өзгеруін тежеуге мүдделіміз. Әрқайсымыз климаттың өзгеруіне, қоршаған орта мен экологияға зияны мен залалын тигізетін кез келген теріс ықпалды әрекетті қолдамаймыз, сөйтіп, жаһандық мәселеде өз үнімізді білдіреміз. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жұмыс істеп тұрған Климат және модельдеу зертханасы да соның бір көрінісі. Университет қабырғасынан бұл зертхананы ашудағы негізгі мақсат – Қазақстан аумағындағы аймақтық климат өзгерістерінің көрінісін зерттеу.



ну шығымдылықтың төмендеуіне ықпал етеді.

ЗЕРТХАНА ӨЗГЕШЕ ТӘСІЛДІ ДАМУҒА НИЕТТІ

Зертхана жетекшісі, география ғылымының докторы, профессор Владимир Чередниченконың айтуынша, мұнда CMIP5 моделі негізгі модельдеу құралы ретінде пайдаланылады. Оның негізгі болжамы RCP 4,5 (егер уақыт болса, RCP 8,5 сценарийі қосылады). Параллель тақырыпта жұмыс іс-

Климат және модельдеу зертханасы тың әдістерді әзірлеуде

КЛИМАТ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Ғалымдардың айтуынша, климаттың өзгеруі – құрғақшылыққа, дауылға, су тасқынына, су тапшылығына, жаппай өрттерге, теңіз деңгейінің көтерілуіне, мұздықтардың еруіне және биологиялық әртүрліліктің жоғалуына әкелетін температура мен ауа райының ұзақ мерзімді өзгеруі. Бұл өзгерістер табиғи жағдайлармен де (күн белсенділігінің ауытқуы), адам әрекетімен де байланысты. Көмір, мұнай және газ сияқты қазбалы отындарды жағу парниктік газдар шығарындысын туындатады. Бұл өз кезегінде күнге зиян және оның температурасын арттырады. Осы өзгерістер Күн белсенділігінің өзгеруінен немесе ірі жанартау атқылауынан және антропогендік әсерден туындауы мүмкін. Зерттеу жұмыстары 120 000 жылдық климаттық өзгерістердің циклдік сипатын көрсетті және антропогендік әсердің үлесі 0,17 пайызды құрайды.



(CH₄), озон (O₃) және т.б. Парниктік газдардың негізгі көзі энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және қалдықтарды өңдеу әрекеті саналады. 2000 жылдан бастап жаһандық көмірқышқыл газының (CO₂) шығарындылары шамамен 50 пайызға өсті.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Парниктік газдар – бұл көрінетін диапозонда мөлдірлігі басым және орташа, алыс инфрақызыл диапозондарда сіңіру қабілеті жоғары газдар. Ғаламшарлардың атмосферасында мұндай газдардың болуы парниктік әсерге, яғни Жерде температураның жоғарылауына әкеледі. Жердің негізгі парниктік газдары көмірқышқыл газы (CO₂), метан

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ БІЗГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Климаттың өзгеруі адамдардың денсаулығына, азық-түлік қауіпсіздігі мен аштыққа және жалпы қауіпсіздікке әсер етеді. Климаттың өзгеруіне байланысты кейбір адамдар қоныс аударуға мәжбүр. Кли-

маттың өзгеруінің салдары ауаның ластануы, ауру, экстремалды ауа райы жағдайлары, мәжбүрлі қоныс аудару, азық-түлік қауіпсіздігі және психикалық стресс арқылы адам денсаулығына зиян келтіреді.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

– Шығарындыны азайту немесе климаттың өзгеруінің адам өміріне не мүлкіне қауіптілігін жою немесе азайту үшін кез келген шараларды қолға алу;
– климаттың өзгеруінің зардабына бейімделу шараларын әзірлеу оны қаржыландырып іске асыру.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БЕЙІМДЕЛУ

Бұл тұрғындардың үйін, көсіпорын, өмір сүру құралдарын, инфрақұрылымды және табиғи экожүйені қорғайтын шаралар. Қиыншылық тудырмау үшін мұндай шараларды алдын ала жоспарлау маңызды. Мұндай шараларды әзірлеу кезінде климаттық қауіптерге қарсы тұру үшін халықтың осал топтарына ерекше назар аудару қажет. Алғашқы бағыттардың бірі адам өмірі мен мүлкін сақтауға көмек беретін табиғи апаттар туралы алдын ала хабарлаудың сапалы жүйесін құру керек. Сондай-ақ дақылдардың жаңа сұрпын пайдала-

тейтін әріптестер үшін температура мен жауын-шашынның 2050 жылға дейінгі маусымдық өзгерістерінің проекциясы бар. Сондай-ақ 10 жылдық дискреттілігі бар ыңғайлы карталар ұсынылады.

Зертхана Метеорология және гидрология кафедрасының негізінде құрылған. Кафедра метеорологтардың жоғары білікті мамандарын даярлаудың республикадағы ең ірі оқу базасы болып табылады. Кафедраның бірегейлігі – іргелі ғылыми мектепті сақтап қалуында. Олар Ресей мемлекеттік гидрометеорологиялық университеті, Мәскеу мемлекеттік университеті сияқты Ресей университеттерімен тұрақты байланыста.

Зертхана ғалымдары климаттық жүйелерді модельдеу сияқты күрделі мәселені шешудің жаңа әдістерін әзірлеумен айналысады. Бұл мәселе қазіргі уақытта, мысалы, атмосфера мен мұхиттың жалпы айналымының модельдері сияқты күрделі теңдеулер жүйесін цифрлық талдау арқылы шешеді. «Бұл тәсіл, ең алдымен, қолданыстағы барлық факторды есепке ала алмайды, соның салдарынан айтарлықтай қиындықтарға алып келеді», – дейді В.Чередниченко. Ғалымның айтуынша, зертхана ғалымдары түбегейлі өзгеше тәсілді дамытуға ниетті: болжам климаттық жүйенің белгілі бір параметрлерінің кеңістіктік-уақыттық тәуелділіктерін тікелей талдаудан алынған эмпирикалық модельдер негізінде жүзеге асырылады.

Алға қойған міндеттерді шешу дауыл, құрғақшылық, қатты жауын-шашын, орман өрттері және т.б. экстремалды құбылыстарды болжауға әрі табиғи және антропогендік табиғат факторларының жаһандық жылынуға әсер ету дәрежесін бағалап салыстыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс нәтижелері мен олардың жаңалығы елімізде жақсартылған Климаттық болжамдар мен климаттық қызметтер сервисінің жедел дамуына ықпал етеді. Қазір зертхана ғалымдары осы бағытта жұмыс істеуде.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Өмірі өнегелі ұстаз- ғалым



Тоқсан жылдық тарихы бар журналистика факультетінде өзімен 1968-1973 жж. оқыған барлық курстастардың мерейтойына орай, өзіңе жүрекжарды құттықтауларын жолдағанын біліп отырмын. Сенімен уатсап арқылы сөйлесіп, сырласып жүрсем де, өз тарапымнан лебізімді хат түрінде жолдағым келді. Әйткені сенің өміріңнің кішкене тарихы – біздің курстың тарихы.

Сен журналистика мамандығына кездейсоқ келмедің. Сонау Өскемен қаласындағы жоғары оқу орындарының біріне бармай, Алматыға, Қазақ мемлекеттік университетіне келдің. Сол кездегі оқуға түсудің зор талабынан қорықпай, конкурстың өте жоғары екенінен сескенбей келдің.

1968 жылы журфакқа қабылданған 52 баланың 12-сі қыздар болса, соның бірі өзің едің. Сен бір жыл ауылыңда мектеп-интернатта тәрбиеші болып жұмыс істеп, кәдімгідей шындалып, қиындыққа қарсы тұрарлықтай жігермен келгеніңді көрсеттің. «Берік бол, Клара, мойыма, алға жүр!» деп өзіңе-өзің дем беріп, құрыштай құлшынып оқуыңды жалғастырдың.

Сенің курстас қыздардың ішінде өзіңе тән ерекше тартымдылық болды. Кейде бұл тартымдылық алғырлығың, сезімталдығың, ізденімпаздығыңмен көрінетін. Осы қасиетің саған көрік берді. Жұрт көзіне көп түсуге құмар жандар тобынан емес едің. Өзіміз оқыған ортада ерекшеленбей, қарапайым жүрдің, қарапайым тұрдың. Досым дегенге адал болдың. Бұл сендегі басты қасиеттің бірі еді.

Аудиторияда сабақ басталар алдында арагидік сыңғырлаған үнін, ерке назды күлкің жайдары жаз күніндей жүзіңе жарасатын. Қандай киім киең де, денеңе құйып қойғандай шап-шақ болып, сымбатыңды одан сайын

аша түсетіні тағы бар. Осы бес жыл бірге оқығанда сын сағатта, қиын кездерде жолсыздан жол тауып шыға алатын қабілет-дарының бар, оттан да, судан да тайсалмай, жеңіске ұмтылатын еңбекқор әрі намысты қыз екеніңе сол кезде мен көз жеткіздім.

Бәріміз 1973 жылы университетті бітіріп, қолымызға «журналист» деген диплом алып жан-жаққа тарап кеттік. Тіпті, расы керек, уақыт тапшылығы болды ма, басқаша себептер ме, бір-бірімізбен дұрыстап қоштаса да алмадық. Өйткені 5-6 жұп үйліжайлы болып, алғашқы нәрестелері қолдарында болды. Сендер де пәтер жалдап тұрып жаттыңдар.

«Әй, қыздар-ай, отбасымен журналистика мамандығын ұштастыру сендерге қиын болады...» деген профессор ағайымыз Тауман Амандосовтың сөзі құлағыңда жүрсе де, еш нәрсеге мойымай, өз мамандығыңның қаласы бойынша қызмет еттің.

Ерің қызметінде болғанда сен үйдегі балаларға қарадың. Бақтың, қақтың, ешкімнен кем етпей өсірдің. Төлеби бабамыз айтқан екен: «Әйел жақсы болмай, ер оңбайды. Ерге бақыт әперетін де, бақтың кетіретін де – әйел», – деп. Кез келген уақытта үйге келетін қонақтарға адал көңілмен ақ дастарханыңды жайдың. Мектеп жасындағы балаларыңның сабағына қарадың. Сол кезеңдерде Кеңес Одағы ыдырап, жас тәуелсіз мемлекетіміз өз алдына шаңырақ көтерді. Нарық заманы келіп есік ашты. Бұл сенің тұңғышыңның мектеп бітіріп жатқанымен тұспа-тұс келіп, отбасыңдағы қиындық еселеп артты. Осындай алмағайып уақытта балапандарыңды қатардан кем етпей өсіру алдымен сенің иығыңа түсті. Отбасыңның жалғыз айлыққа қараған күнкөрісінен қалайда шығып кету қамын ойладың. Ақыры бұл қиындықты да жеңіп, балаларды ешкімнен кем етпей оқытып, жетілдірдің. Бәріне де жоғары білім алып беріп, қатарға қосу оңай емес еді.

Сөйтіп, балаларыңды жетілдіріп барып ғылымға бет бұрдың. Жалпы еңбек өтілің 55 жылды құраса, өзіміз оқыған ҚазҰУ-да ұстаздық қызметіңе қырық бес жыл толып отыр.

«ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» деген атақ алдың, Associate Professor ғылыми дәрежесіне ие болдың, Ақпарат және мәдениет министрілігінің тапсырысымен сен туралы «Қоғам және әйел» деген сериялы бір сағаттық деректі хабар түсірілді. EURASS деген еуропалық мекеменің Алматыдағы өкілі болдың. ҚР Журналистер академиясының дипломымен, Құрмет грамоталарымен, «ҚазҰУ-ға – 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен, университеттің 90 жылдығына орай, «Фараби» алтын медалімен марапатталдың. Ыбырай Алтынсарин атындағы және «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері болдың.

2019 жылдың аяғында Бельгияның Брюссель қаласында өткен Open Euroasian literature festival деген шарада Short stories номинациясы бойынша 2-орын алып, халықаралық деңгейде еңбегің тағы да жоғары бағаланды. Ең бастысы, өзің дәріс беріп жүрген студенттеріңнің «Біз сіз үшін мақтанамыз, апай!» деген бір ауыз сөзі кеудеңе медальдан да артық еді.

Өзіңнің ҚазҰУ педагогикалық ортада, ғылым саласында бәсекеге қабілетті қарымыңды танытқан сәттерінде де сыртта жүріп қуандым. «Менің курстасым Клара ғой, бұл!» деп сенімен мақтандым.

Сенің адами болмысыңа имандылық, тәубашылдық, қанағатшылдық көрік берді. Баяғы мен студент кезде байқаған бойыңдағы қарапайымдылық пен қайраттылық қасиетің өз өрісін одан әрі кеңейтті. Көңілің кең, құшағың ашық. Студенттеріңнің ортасында аман-есен жүргейсің.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
Халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының иегері

ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы, «Қаржы» және «Есеп және аудит» білім беру бағдарламаларының студенттері, магистранттары, докторанттары, сондай-ақ «Велотрек» ұйымы бірлесіп жүрек жылуына толы қайырымдылық іс-шара – «Шаттық шеруін» ұйымдастырды. Бұл игі бастама Алматы қаласындағы №1 балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналды. Іс-шараның негізгі мақсаты балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне мүмкіндік жасау, оларды спортқа баулу және білім алушылардың бойындағы мейірімділік, жанашырлық сияқты адами қасиеттерді дамыту болды.

Шынайы жанашырлық көрінісі

Шара «Велотрек» кешенінде басталып, сенбілік демалыс шаттық пен күлкіге толы мерекелік көңіл күйде өтті. Балалар үйінің тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері, университет әкімшілігі мен «Велотрек» өкілдері атсалысқан бұл шара барлық қатысушылар үшін жарқын естеліктер сыйлады.

Мерекелік шара ұйымдастырушылардың құттықтау сөздерімен ашылды. Ұйымдастырушылар шараның маңыздылығына тоқталып, болашақтағы осындай жобалар туралы ойларымен бөлісті. Арнайы өнер адамдары шақырылып, студенттер, магистранттар өз өнерлерін көрсетті. Ашылу рәсімінен кейін балаларға велосипедпен жүрудің негізгі қағидалары, қауіпсіздік ережелері таныстырылып, тәжірибелік жаттығулар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар әр балаға жеке-жеке көңіл бөліп, шын мәнінде қамқорлықтың, серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Көп ұзамай балалар арасында шағын қашықтыққа арналған веложарыс басталды. Жарысқа қатысушылар екі топқа бөлініп, шапшаңдық пен ептілікте сайысқа түсті. Бұл жарыс тек спорттық бәсеке емес, шынайы достықтың алаңына айналды. Әрбір қатысушының жүзінде шабыт пен қуаныштың лебі сезілді.

Жарыстан кейін ойын-сауық бағдарламасы жалғасын тапты. «Әуе шарларын табу» атты квест ойыны, «Достық доп ойыны» және түрлі эстафеталық сайыстар балаларды шаттыққа бөледі. Шараның әр сәті қуаныш пен күлкіге, достық пен қолдауға толы болды. Сонымен қатар ұйымдастырушылар арнайы дайындаған шағын концерттік бағдарламасын ұсынып, ән айтып, би би-

леп, көңілді көріністер арқылы балалардың көңілін көтерді, сондай-ақ оған тәрбиеленушілер де өз үлестерін қосты.

Шара соңында барлық қатысушылар марапатталып, жарыс жеңімпаздарына тәтті сыйлықтар мен спорттық киімдер табыс етілді. Сонымен бірге әр балаға белсенділігі мен қатысуына орай алғыс хат үлестіріліп, олардың еңбегі мен ынтыасы лайықты бағаланды.

«Мен бүгін шынайы қуаныш пен еркіндікті сезіндім. Велосипед тебу маған ұмытылмас әсер қалдырды. Мұндай күндер жиі болса екен», – деп әсерімен бөлісті балалар үйі тәрбиеленушілерінің бірі.

«Мұндай жобалар бізге адамгершілік қасиетімізді ұғындырып, нағыз өмірлік құндылықтарға көзімізді ашадy. Бұл тек қайырымдылық емес, өзіміз үшін де үлкен сабақ», – деді студент-волонтер.

«Шаттық шеруі» – бұл жай ғана спорттық шара емес, шынайы мейірім мен жанашырлықтың көрінісі. Бұл жоба балалардың физикалық белсенділігін арттырып, олардың бойындағы сенім мен өз-өзіне деген құрметті нығайтса, білім алушылар үшін бұл ұйымдастырушылық қабілетін шыңдап, әлеуметтік жауапкершілік сезімін күшейтудің үлкен мектебі болды.

Іс-шара соңында ұйымдастырушылар осындай қайырымдылық бағыттағы жобалар болашақта да жалғасын табатынын айтып, бұл бір күндік шара емес, ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың бастауы екенін атап өтті. Қайырымдылықты өмір салтына айналдырған жастарымыз көп болсын!

Айжан СӘРСЕНҚЫЗЫ,
Экономика ғылымының
кандидаты

На недавно прошедшем Национальном курултае Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что цифровая трансформация отечественной экономики должна стать основополагающим фактором повышения конкурентоспособности нашей страны. Одной из ключевых составляющих развития и усиления конкурентной среды является, наряду с развитием инфраструктуры, налоговыми преференциями и высоким инвестиционным климатом, качество IT-образования в высших учебных заведениях страны.

В последние годы Казахстан делает заметные шаги на пути к полной цифровизации общественной жизни, что становится важнейшим элементом развития экономики, государственных услуг и повышения качества жизни граждан. Одной из важнейших составляющих этого процесса является цифровизация архивного дела и документационного обеспечения, которые традиционно остаются важнейшими элементами управления информационными потоками. В современном мире, где информация приобретает стратегическое значение, архивы и документационное обеспечение становятся важнейшими элементами стабильного и прозрачного функционирования любой организации. Однако, чтобы эффективно управлять большими данными, необходимо внедрять передовые информационные технологии, такие как искусственный интеллект, облачные технологии и блокчейн. Для успешной реализации этого процесса требуется подготовка специалистов, обладающих необходимыми профессиональными (рабочими и техническими) компетенциями в области применения IT-технологий в архивоведении и документоведении. Это особенно важно в свете того, что архитектура цифровых архивов, систем электронного документооборота требует новых подходов, в том числе в области безопасности данных, оптимизации рабочих процессов и внедрения инновационных решений.

В КазНУ прошла стратегическая сессия «Сохранение и продвижение национальной идентичности в условиях цифровизации». В этих условиях большое значение на историческом факультете, который является базовым элементом государственной политики в формировании национальной формы самосознания и национальной идентичности, сохранении и изучении богатого культурного и исто-

Алгоритм успеха КазНУ в IT



рического наследия Казахстана, имеет включение в контекст образовательных программ цифровизации/информатизации, прорывных технологий, связанных с искусственным интеллектом, блойчейном, облачными и smart-технологиями и т.д.

Так, на кафедре всемирной истории, историографии и источниковедения внедрены в русле мировых трендов новые междисциплинарные программы «Цифровое архивоведение и документоведение» (бакалавриат), «IT Архивоведение и документоведение» (магистратура). Курсы ориентированы на углубление междисциплинарного характера научных и образовательных трансформаций, вступающих во все большее противоречие с устоявшейся парадигмой специализированного образования, связанной с подготовкой выпускников, владеющих узкой специальной квалификацией, не способных анализировать, создавать и работать с большими массивами электронных документов, неструктурированных статистических данных, системами электронного документооборота, профессиональными базами данных, интеллектуальными системами и т.д. Особенностью реализуемых программ являются практико-ориентированный подход, который, в свою очередь, выражается в подготовке специалистов со знанием информационных технологий, IT-архивист, IT-документовед. В 2024-2025 учебном году по образовательной программе «6В03208-Цифровое архивоведение и документоведение» (бакалавриат) обучаются 70 студентов, «7М03207 – IT Архивоведение и документоведение» (магистратура) – 12 магистрантов. В учебные курсы в связи с принятием Концепции по развитию искусственного интеллекта на 2024–2029 годы, в программу продвинутых образовательных программ включены дисциплины по ИИ, блокчейнам в управлении документами, методологии и технологии проектирова-

ния документационных баз данных и т.д. В течение последних лет в подготовку специалистов по ОП «6В02205 – История» внедрен предмет «Клиометрика: основы квантитативной истории и исторической информатики».

Успешно защищены дипломные работы по созданию исторических баз данных по репрессиям в Казахстане в 1920-1950е гг., качественные и количественные показатели которых были использованы при разработке научно-экспертных оценок Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий. Однако практико-ориентированный подход требует соответствующей инфраструктуры на факультете, наличие «своих» компьютерных классов, специфического программного обеспечения, мультифункциональных цифровых устройств для работы с огромными массивами оцифрованной исторической информации. Назрела потребность в подготовке квалификационных работ (дипломов и диссертаций) кафедр исторического и механико-математического факультетов.

Таким образом, цифровизация исторических исследований, архивного дела и документационного обеспечения – это не только технический процесс, но и необходимая составляющая успеха страны в глобальной экономике знаний. Без подготовки компетентных специалистов в этой области Казахстан не сможет эффективно использовать весь потенциал цифровых технологий и будет отставать от более развитых стран, уверенно шагающих в будущее с новыми решениями на основе искусственного интеллекта и других прорывных технологий.

Сауле ЖАКИШЕВА,
д.и.н., инженер по АиВТ

Айжан КОБЕГЕН,
бакалавр специальности
«цифровое архивоведение
и документоведение»

Орфанные заболевания — это редко встречающиеся болезни. Их название происходит от слова «orphan», которое переводится как «сирота». Редкими, орфанными, заболеваниями являются заболевания, которые имеют распространённость не более 10 случаев заболевания на 100.000 населения. Всего известно более 7.000 видов орфанных заболеваний. Большая часть орфанных болезней обусловлены генетическими отклонениями. Реже встречаются токсические, инфекционные, аутоиммунные болезни, наследственность, ослабление иммунитета, плохая экология, высокий радиационный фон, вирусные инфекции у мамы и у самих детей в раннем возрасте. Многие заболевания могут передаваться от одного поколения к другому, это объясняет то, почему некоторые редкие заболевания развиваются в целых семьях. Это также объясняет тот факт, что заболевание может быть редким в одном регионе и частым в другом.

Диагностика и лечение орфанных заболеваний



Люди, страдающие редкими заболеваниями, чувствуют себя брошенными, остро нуждаются в медицинской помощи, психологической помощи и, особенно в социальной поддержке. Медицинская помощь этим пациентам не всегда может быть оказана незамедлительно, так как чрезвычайно низкая их распространённость создаёт затруднения в постановке диагноза. В структуре заболеваемости детей орфанными заболеваниями лидирующие позиции в РК занимают заболевания центральной и периферической нервной системы; второе место по частоте встречаемости занимают онкологические и гематологические заболевания и на третьем месте заболевания, обусловленные нарушением обмена веществ. Чем раньше выявляют такое заболевание и, соответственно, чем раньше начинается необходимая терапия, тем лучше результат и лучше качество жизни детей.

Так, приказом Минздрав РК от 20 октября 2020 года № ҚР ДСМ - 142/2020, утвержден перечень орфанных заболеваний и лекарственных средств для их лечения. Чуть позднее внесены изменения в целый ряд приказов, регламентирующих лекарственное обеспечение населения республики. Главным образом изменения касаются процесса формирования перечня орфанных заболеваний и лекарственных средств для их лечения, а также их включения в разные списки. Важно отметить, что данным приказом в новой редакции утвержден сам перечень орфанных заболеваний и лекарственных средств для их лечения, а также Казахстанский национальный лекарственный формуляр. С 2017 года в Казахстане реализуется Дорожная карта по редким заболеваниям, в рамках которой осуществляется большая работа в виде: проведения образовательных программ в регионах, оказания консультативной и медицинской помощи детям с редкими заболеваниями, проведение информационно-разъяснительной работы (выпуск: социальных роликов, методических рекомендаций, буклетов, памяток, брошюр

для родителей и пациентов), выезды в неблагоприятные регионы совместно с НПО по вопросам лекарственного обеспечения и другим.

К диагностике орфанных заболеваний необходим комплексный подход, включающий консультации узких специалистов, результаты лабораторных, инструментальных и функциональных проб. Помимо общеизвестных общих анализов крови, мокроты, биоптата в настоящее время существуют и современные специфические методы диагностики. На данный момент одним из первых и доступных методов диагностики орфанных заболеваний является неонатальный скрининг, его проводят еще в роддоме на четвертые сутки жизни у доношенного ребенка и на седьмые сутки жизни недоношенным детям. Во время беременности так же можно провести исследование крови матери, на наличие ДНК плода, изучив которую становится возможным сделать вывод о наличии или отсутствии генетических мутаций у плода.

Можно отметить, что ситуация с орфанными болезнями в Казахстане требует дальнейших разработок, модернизации и регулирования со стороны национального законодательства и системы здравоохранения. Необходимо улучшить доступности лекарственных препаратов для указанной группы больных. Необходимо перенимать опыт Евросоюза в отношении тактики взаимодействия с фармацевтическими компаниями, предоставляя им рыночные преференции при разработке орфанных препаратов.

Гульмира ИСЛАМОВА,
кпн, и.о. доцента
Айгуль МЫРЗАБАЕВА
ст. препод. кафедры
внутренней медицины
факультета общественного
здравоохранения и медицины

Қазақ топырағынан өнген ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің 1155 жылдығына арналған «Адамзат тарихындағы әл-Фараби мұрасы» атты IV халықаралық Фараби форумы аясында университеттің Жалпы және қолданбалы психология кафедрасында «Психология ғылымының болашағы: жас зерттеушілер ізденісі» тақырыбында әдіснамалық семинар өтті. Жалпы, әдіснамалық семинарлар жоғары мектептің бірқатар аспектілерін – теориялық, педагогикалық және ақпараттық-аналитикалық сипаттағы мәселелерді қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды бір түрі болып саналады.

Әдіснамалық семинардың модераторы ретінде мен мұндай шаралардың жас ғалымдардың зияткерлік әлеуетін көрсететінін, оларды заманауи ғылыми мәселелерді шешуге тартуда және ғылыми зерттеу жұмыстарына ынталандырудағы маңызды рөлін атап өттім. Докторанттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін ғылыми-танымдық коммуникацияның бір формасы ретіндегі әдіснамалық семинарларды өткізіп отыру зерттеуші университеттердің негізгі бір міндеті.

Семинар барысында мынадай тақырыптағы баяндамалар талқыланды: «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» (Ж.Молбасынова), «Ойлау іс-әрекеті процесінде студенттердің әлеуметтік интеллектін дамыту» (Қ.Сайлинова), «Ауыр қылмыс жасаған адамдардың қысқа мерзімді аффективтік жағдайын сот-психологиялық сараптама жасау» (А.Құдай-

Психология саласындағы жас зерттеушілер үні

бергенова), «Студенттердегі резиленттілік пен созылмалы стресске смартфонды қолдануда туындайтын психологиялық тәуелділіктің әсері» (Л.Лимашева), «Гемофилиямен ауыратын адамдардағы мінез-құлық копингі мен резиленттілігі ерекшеліктері» (А.Купеев).

Алғашқы болып сөз алған Ж.Молбасынова өз баяндамасында жаңаша дәстүрлер мен трендтерге ілесе алатын зияты жоғары тұлғаның субъектілік әрекетінде эмоциялық интеллектісін дамыта отырып, сыни ойлауды қалыптастыруға бағытталған зерттеу нәтижесімен бөлісті. Зерттеу барысында синергетикалық, мотивациялық, когнитивтілік әдіснамалық тұғырларды негізге алғаны және жеке тұлғаның қабілеті, сыни ойлауы, ой-өрісі, қарым-қатынасына қатысты ұғымдардың кіріктірілген сызбасы көрсетілді.

Докторант Қ.Сайлинованың баяндамасы ойлау іс-әрекеті процесінде студенттердің әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесіне арналды. Оның тұлғаны әлеуметтік дамытуда маңызды стратегиялық ресурс екені, яғни мамандарды оқыту барысында бәсекеге қабілеттілік, психологиялық күйлерді меңгеру әлеуметтік интеллектімен байланысты болатыны көрсетілді. Тұлғаралық қарым-қатынастағы әлеуметтік интеллект адам мінез-құлқының әртүрлі аспектілерін дамытуға қызмет етеді. Бүгінде біз оны адамды табысқа жетелейтін «софт скилс» (жұмсақ дағды) деп жүрміз.

А.Құдайбергенова ауыр қылмыс жасаған адамдардың аффективтік күйіне сот-психологиялық сараптама жасауда



анықтаған ғылыми деректерімен бөлісті. Психожарақаттық жағдайлар мен қақтығыстардың себептері өте күшті байланысқа ие екен. Сәттік психикалық жарақат кезінде жанжал көбіне тұлғааралық келіспеушіліктермен байланысты. Ал жиналған аффект көбіне ескі өкпе-наразылықтарға негізделеді. Бұл ақпарат қылмыстың себептерін анықтау үшін қылмыстық тергеу жүргізуде пайдалы болуы мүмкін.

Л.Лимашеваның баяндамасында ұялы телефонды тұтынатын жастардың психологиялық ерекшелігі, соның ішінде смартфонды шамадан тыс қолданудың резиленттілік пен стресске байланысы ашып көрсетілді. Қазіргі заман номофобия, яғни ұялы телефонсыз қалудан немесе одан алыста болудан қорқу сияқты күйлердің туындауына әкелді. Студенттер сауалнама барысында ұялы телефонын жоғалтқанда не бір жерде ұмытып кетсе, батарея заряды немесе бірлік таусылғанда, не желіні қамтудан тыс қалған кезде мазасыздық күйін бастан кешеді екен. Олар смартфонның үнемі қолжетімді болуы қажеттілігін айтады. Смартфонды ұдайы орынсыз, проб-

лемалық пайдалану ұялы телефондарға психологиялық немесе мінез-құлықтық тәуелділікке тақау күйге әкеледі. Ұялы телефонды пайдалану артқан сайын, ол қарым-қатынасқа теріс әсер етіп, психикалық және физикалық денсаулықтың нашарлауына әкелуі мүмкін. Адамда доғару синдромы (абстиненттік синдром) тәрізді белгілері байқалады. Бүгінде ол медициналық тәуелділік (аддикция) деп қатаң мойындалмағанымен, оның өте теріс салдары бар.

А.Купеевтің баяндамасы гемофилия ауруының психологиялық аспектілеріне қатысты болды. Гемофилияны «викториялық» немесе «корольдік» ауру деп те атайды. Ағылшын патшайымы Виктория бұл аурудың ең танымал өкілі болды. Королева Викторияның ұлы Леопольд гемофилиядан зардап шекті. Ал оның екі қызы сәйкес геннің тасымалдаушысы болды және өз ұрпақтарына берді. Олар өз кезегінде гемофилияны Еуропаның басқа билеуші үйлеріне таратқан. Гемофилия – ұдайы қан ағып, тоқтатуы қиынға соғатын, көбіне ер адамдарға тән және сирек кездесетін тұқым қуалайтын ауру. Ол қандағы 8 немесе 9 фактор деңгейінің тө-

мендеуіне байланысты қанның ұя қабілетінің күрт төмендеуімен сипатталатын тұқым қуалайтын ауру. Ол өмірдің алғашқы айларында немесе жылдарында сыртқы және ішкі қан кету түрінде көрінеді. Ерте мүгедектік және дене кемістігі барлық жас топтарындағы гемофилиямен ауыратын науқастардың бейімделуін шектейді. Үнемі қорқыныш, алаңдаушылық және болашаққа деген сенімсіздік тұлға құрылымын, оның реактивтілігін өзгертеді. Сонымен қатар гемофилиямен ауыратын науқастардың бейімделуін нашарлатады. Кейде психикалық бұзылулардың дамуына ықпал етеді. Гемофилиямен ауыратын науқастардың ерекше белгілері жеке алаңдаушылық деңгейінің жоғарылауы, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, әлеуметтік белсенділіктің төмендігі болып табылады. Бүгінде Қазақстанда 1000-нан астам адам, соның ішінде 500 ересек жан бұл кеселмен ауырады екен.

Университеттегі жоғары білікті профессорлық-оқытушылық және ғылыми кадрларды – ғылым докторларын даярлауға арналған докторантура-ның міндеті – егемен елімізге қажетті сапалы мамандар шығару. Олар іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жоғары ғылыми деңгейде жүргізуге қабілетті тұлғалар деп есептеледі. Еліміздің болашақ зияткерлік элитасы университет қабырғасында қаланады. Өткен семинар барысында көзге айқын байқалған бір кемшілік – қазақ тіліндегі ғылыми терминология әлі бір жүйеге қойылмаған екен.

Жалпы, әдіснамалық семинар жұмысын қорытындылайтын болсақ, семинар өз көздеген мақсатына жетті. Яғни диссертациялық зерттеу тақырыптарын сынақтан өткізу (апробация) және алынған нәтижелердің ғылыми-практикалық мәнділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Жарас СЕЙІТНҰР,
психология ғылымының кандидаты

Қазіргі заманда адамзат бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келеді. Бүгінгі таңда әлем цифрлық дәуірге аяқ басты. Технологиялар күн сайын өзгеріп, қоғамның барлық саласы жаңа форматқа көшіп жатыр. Бұл процесс жастардың өмір салтына, кәсіби бағытына, ойлау жүйесіне түбегейлі ықпал етуде. Осындай сындарлы кезеңде сапалы білім мен заманауи технологияны қатар меңгеру кез келген жас буын үшін басты қажеттілікке айналды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – осы қажеттіліктерге толық жауап бере алатын білім ордасы.

Біздің университет – болашаққа бастар жол, цифрлық қоғамның көшбасшыларын тәрбиелейтін орталық. Университет қабырғасында білім алып жүрген біз осы өзгерістердің бел ортасындамыз.

Еліміздің цифрлық дамуына үлес қосамыз

Әсіресе біздің мамандығымыз – цифрлық экономика – бүгінгі күннің ғана емес, ертеңгі күннің де талабына жауап беретін бағыт. Бұл салада тек экономиканы түсіну аздық етеді, сонымен қатар деректерді өңдеу, алгоритмдік ойлау, цифрлық платформалармен жұмыс істеу, заманауи бағдарламалар мен құралдарды игеру – барлығы да маңызды дағдыға айналды.

ҚазҰУ осы дағдыларды толық меңгеруге барлық жағдай жасап отыр. Университеттегі оқу процесі толықтай цифрлық жүйеге бейімделген. Студенттер Platonus, Moodle, электрондық кітапхана, онлайн курстар арқылы оқу материалдарына оңай қол жеткізе алады. Бұл бізге тек аудиторияда емес, кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Білім беру үдерісінің икемділігі – заман талабына сай дамудың айқын көрінісі.

Оқу бағдарламалары тек



теориямен шектелмейді. Мұнда студенттер практикалық жобаларға белсене қатысады, стартаптар мен инновациялық идеялар қолдау табады. Университетімізде Big Data, блокчейн, финтех, цифрлық кәсіпкерлік секілді заманауи пәндер енгізілген. Бұл пәндер сту-

денттерге шынайы нарықтағы процестерді модельдеуге және нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осының арқасында біз тек «жұмыс іздеуші» емес, өз ісін ашуға дайын, ойы сергек, технологиямен үндесе алатын маман болып қалыптасамыз.

Цифрлық экономика – бұл болашақтың экономикасы. Ол Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді өзгертетін әлеуетке ие. ҚазҰУ осы бағыттағы жаңа буын мамандарын даярлау ісінде көш басында. Мұнда алған біліміміз бізді отандық қана емес, халықаралық деңгейде де бәсекеге қабілетті етеді. Алдағы уақытта әрқайсымыз өз стартап жобаларымызды іске асырып, еліміздің цифрлық дамуына нақты үлес қосамыз деп сенеміз.

Қорыта айтқанда, ҚазҰУ – бұл білім мен тәрбиені, ғылым мен технологияны ұштастыратын іргелі оқу орны. Мұнда оқу біз үшін үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Университетіміз бізге тек мамандық емес, өмірлік бағыт береді. Біз ҚазҰУ-да оқитынымызды мақтан тұтамыз, өйткені дәл осы университет – біздің саналы таңдауымыз, цифрлық болашаққа бастар сенімді жолымыз.

Дінмұхамет САҒЫНЖАН,
Әлихан ӨТЕМҰРАТ,
Дәулет ҚАЛДЫБАЕВ,
«Цифрлық экономика»
мамандығының 1-курс студенттері

Биылғы Түлектер күні жарқын сәттер мен жақсы естеліктерге толы болды. Солардың ішінде Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 2014 жылғы түлегі Айдана Сыдықованың тарапынан болған нақты қолдауды ерекше атап өтуге болады.

Айдана – бұған дейін де студенттерге шәкіртақы тағайындау, түрлі іс-шараларға демеушілік жасау арқылы өзінің білім алған оқу ордасына тұрақты түрде қолдау білдіріп келе жатқан жанашыр түлегіміз. Биыл ол үлкен әлеуметтік жауапкершілік танытып, Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері тұратын №16 жатақхананың 2-ші және 6-қабаттарындағы асүйлерді заманауи тұрмыстық техника және жиназбен толық жабдықтап, жаңартты.

Жаңартылған асүйлердің ашылу рәсіміне осы игі істің бастамашысы А.Сыдықова, Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Ғ.Дәулиева, Менеджмент кафедрасының меңгерушісі Ғ.Смағұлова,

Жатақханаға асүй жабдықтарын сыйлады



факультет оқытушылары және студенттер қатысты.

Салтанатты шара барысында Айдана Сыдықова студент өмірінде күнделікті ас ішу тек қажеттілік емес, денсаулық пен сергектіктің негізі екенін атап өтіп, өзінің студенттік жылдарындағы жылы естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ ол: «Менің бүгінгі кәсіби жолымның қалыптасуына, өмірлік ұстанымымның берік орнығуына себеп болған – осы университет, оның ішінде

Менеджмент кафедрасының берген білімі мен тәрбиесі», – деп атап өтті.

Айдана ханымның бұл тартуы биылғы Түлектер күнін шынайы қамқорлықпен ерекшелендіріп, есте қалдырды. Бұл әрбір түлек үшін өз alma mater-іне тағзым етіп, қолдау көрсетудің жарқын үлгісі.

Альмира ЖҰМАҒАЗИЕВА,
Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінде шаңырақтың мәні зор. Шаңырақ – қазақ халқы үшін қасиетті ұғым. Ол тек отбасының ғана емес, тұтас елдің бірлігі мен татулығының белгісі.

Шаңырақ — қасиетті ұғым



Осы орайда, ҚазҰУ-дың №1 жатақханасында «Физика» мамандығының магистранттары Азамат Мұқапбаров және Фариза Мағауяеваның ұйымдастыруымен «Шаңырақ» деген тақырыпта студенттер мен ұстаздардың қатысуымен тәрбиелік іс-шара өтті. Осы іс-шарада студенттер отбасының құндылығы мен оның маңызына ерекше мән беріп, ой түйді. Сонымен қатар қазақ халқының отбасына тән дәстүрлерімен тереңірек танысты.

Іс-шара барысында түрлі қызықты конкурстар мен пікірталас ұйымдастырылды. Пікірталас барысында «Қазіргі қоғамда отбасы институты қандай өзгерістерге ұшырады?», «Әлеуметтік желі отбасы өміріне

қалай әсер етуде?», «Қазақ халқында шаңырақ ұғымының маңыздылығы неде?» деген секілді тақырыптарда өз ойларын ортаға салды.

Тәрбиелік іс-шара белсенді қатысушыларға кішігірім сыйлықтар беру және ұйымдастырушылардың жүрекжарды қорытынды сөзімен аяқталды. Барлық қонақтар «Шаңырақ» күні-

нің студенттер және олардың туыстары арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосқанын атап өтіп, алдағы уақытта да осындай тәрбиелік мәні зор шаралар өткізуге сенім білдірді.

Жанғали МОЛДАБЕКОВ,
физика-техникалық факультетінің аға оқытушысы



Әбу Насыр әл-Фараби - 1155

Адамның ақылымен пайымдалатын бірінші нәрселерге қол жеткізуі – оның алғашқы кемелдікке жетуі деген сөз. Өйткені ол бұларды кемелдіктің ең соңғы сатысында қолданады. Міне, бақыт – осы.

Байқау жеңімпаздары марапатталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған «Елімнің рәміздері» атты шығармашылық байқаудың қорытындысын жариялады.

Байқау оқу орны қызметкерлерінің балалары арасында ұйымдастырылды. Оған 200-ден астам бала қатысып, өнерге, Отанға деген сүйіспеншілігін білдірді.

Шара Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін жас ұрпақ санасына сіңіру, отансүйгіштікке баулу және балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Қатысушылар екі түрлі бағытта өнер сайысына түсті. «Қазақстанның рәміздері» атты сурет және қолөнер байқауында балалар өз елінің Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны бейнеленген шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Екінші бағыт – «Еліміздің мақтан тұтар рәміздері» деп аталып, қатысушылар Қазақстанның рәміздері туралы жырлар мен өлеңдерді нақышына келтіре орындады. Екі бағыт бойынша қатысушылар жас ерекшелігіне қарай 3-6 жас, 7-10 жас және 11-15 жас санатына бөлінді. Нәтижесінде әр номинация бойынша үздіктер анықталды.



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Парасат» кәсіподағы тағайындаған арнайы диплом, алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Шара барысында қатысушылар мен ата-аналар ұйымдастырушыларға алғысын жеткізіп, мұндай игі бастамалар балалардың шығармашылық және рухани дамуына көрсетілген қолдау екенін атап өтті.

Гүл БАЯНДИНА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.